

Тұрсынбек КӘКІШЕВ

АЛТЫН ҰЯНЫҢ АБЫРОЙЫ



Мен үшін бұл жалғанда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен артық, ыстық, қадірлі ешбір оқу орны жоқ. Орыстардың «әр бақаға өзі үйренген батпақтан артығы жоқ» деген мақалына бағынғандықтан емес, білім беріп, ел қатарына шығарған, күні бүгінге дейін бауырына басып, сенің табысыңды өз жетістігіңдей көрген алтын ұядан артық не болмақ!

Менің кұрбыларым - өртенге шыққан ұрпақ. Олар ес біліп келе жатқанда, алаш азаматтары өз елінен аластатылып, атылып-шабылды. Ер жетіп келе жатқанда, қызыл қырғынды көрді. Бұғанасы қата бастағанда, әке-ағаларын қан майданға аттандырып, бақайлары майыса ауыр еңбекке жегіліп, жетім-жесірлердің көз жасымен көктеді.

1945 жылы сонау Арқадан жеті күн жол жүріп жетудің өзі жас өрімнің білімге ынта қойып келгендігінің кепілі еді. Кәзіргідей әке-шешесінің мазасын алып, ақшасын шашып, «диплом алсам болды» дейтін пиғыл ол кезде түсімізге де кірмейтін.

Алтын өндірісінің баласы инженер-геолог боламын деп келе жатқанда, кәзіргі Қазыбек би көшесімен Достық даңғылының қиылысындағы еңселі де әсем ғимаратты қызықтап ішіне кіргенде, мейірбанды Қайыржан Бекхожин емтихансыз оқуға алса, Алматыда бұл ғимараттан артық шаңырақ бола ма?! АГУ-дың жеті қабатты корпустары кәзір екі жақтан өкпесін қысып тұрса да, бәрібір менің көңілімде ол ғимараттың өресіне жете алмайды.

Әрине, ауыртпалықтан аяқ алып жүре алмай жүрсек те, еліміздің рухани өркендеуіне «кірпіш болып қалануға» жанталасқанымыз өтірік емес. Қазақ университетін ол

кезде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары И.К. Лукьянец басқарғанына қарамай, КазПИ-дің данқы күшті болатын. Біз солармен бәсекелесіп өстік. Олар бізге жаңа жетіліп келе жатырсыңдар деп қарайтын. Олардың мұғалімдері де бізден гөрі атақтылау, белсенділеу болатын. 1947-1952 жылдардағы идеологиялық айғайда, әсіресе қазақ ұлтшылдығын әшкерелеуде Каз-ПИ түлектерінің даусы қатты шығып, біразға дейін басылмай қойған-ды. Өзінің түпкі ниетін көмкерлей білгендері көзге түсіп, қатарға тез ілікті. Оның есесіне біздің оқытушыларымыздың көбі соғыс жылы эвакуациямен келген зиялылар университеттің білімін, дәрежесін көтергенін айтпау күнә болмақ.

Артта қалған 60 жылдың өресінен қарағанда, Қазақ Ұлттық университетінің өсу-даму кезендері, басқаларға қалай екенін қайдам, өзіме теңіз толқынына ұқсайтын тәрізді. И.К. Лукьянец тұсынан алған екпін XX партия съезіне дейін көтерілумен келді. Н.С. Хрущевтің айғайына малданып қалғандар көп нәрседен алданды. ҚКП Орталық Комитеті өзінің ескі үйін беріп, «кұрмет» көрсетіп жатқанымен, университет комплексін саламыз дегенді сонау 40 жылдардың аяқ шенінде естігенімізбен, 70 жылдарға дейін еш ғимаратын көре алмадық. Кәзіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық университетінің орнына КазГУ орнайды деген жобадан құр қалдық. Сәтбаев даңғылы университет көшесі аталуы содан болатын. Ескіні алып, жамап-жасқап, шенеулік отыратын кішкене кабинеттерден аудитория жасап жүргенде, оқу сапасына ептеп болса да зиян тигені сөзсіз. Отыратын орын болмай, аулада сабақ өткізген кездер болған.

Қазақ университетінің Одақтық және әлемдік деңгейде аты шығуы, сөз жоқ, бүкіл республика деңгейіндегі әкімшілік, мәдениет, өнер, әдебиет, ғылым-білім саласында біздің түлектеріміздің үлес-салмағы 50-70 пайызға жетуіне байланысты. Барды жарқыратып көрсете білген ректор Ө.А. Жолдасбеков екенін ұмытпайық. Қанша пысық болса да, дүниежүзілік грант алу, Әлемдік университеттер бірлестігінде СССР-дың 11 оқу орнының бірі біздің қара шаңырақ болуы әншейінгі мақтан емес. Ұлттық университеттің сол кездегі абырой-беделі әлі де болса көңілге қуаныш ұялатады. Қайта құру мен өтпелі дәуірлерде университет беделі шырқау биікке кәтеріліп кетті деуге дәтім бармайды. Ал жаңбырдан кейін қаптап

кететін саңырауқұлақтарда, бірде-бір елерлік профессоры, жөндемді оқу базасы жоқ «қалта» университеттерді былай қойғанда, қандай данышпан академик, кемеңгер профессор бастаған жекеменшік оқу орындарының ішінде КазГУ-дың абройы аспан мен жердей екені белгілі. Оған соңғы кезде шыққан грант, кредитпен оқуға түсушілердің саны - нақты дәлел.

Өзіме етене таныс филология факультетінің соңғы үш-төрт жылдағы студенттер қабылдауын алатын болсам, қазақ бөліміне аз дегенде жылына 150-200 студент қабылданды. Жер-жердегі оқу орындары Алматы алыс, үйдің қасынан білім алғаның өзіне де, ата-анаң да салмақ салмайды ғой деп, талапкерлерді алдаусыратып алып қалып жатқандарын естіп қана қоймай, көзімізбен көріп те жүрміз.

Кезең киындығы, әрине, үлкен тосқауыл, бірақ ол әйтеуір диплом алсам деген ниеттегілерге емес, шын білім алуға, болашақтағы зор арманына жетуге талпынғандарға обал болып жүрмесін. Бұл ой мемлекеттік статусы барларға айтылып отырған наз болса, ақша үшін жанын жалдап, оқу жүйесінің берекесін қашырып жүрген көзқамандар балғын жас түгіл, елдің де келешегін ойламасы ақиқат. Қазақтың Ұлттық университетінің жетпіске аяқ басуы бар өмірін шәкірт тәрбиелеуге бағыштағандарды талай ащы да тұщы ойларды айтып тастауына мүмкіндік береді. Өйткені өз құрамында 250 доктор-профессоры, 800-ге тарта кандидат-доценті бар Университеттің интеллектуалды байлығын ұтымды пайдалану жайы ойландырады.

Жасыратыны жоқ, бұлардың бәрі соңғы кездегі конвейерден шыққандар емес және жастары келіп, алжи бастағандар да емес. Республиканың жоғарғы оқу орындарында қызмет істеп, атақ алып жатқандардың басым көпшілігі - КазГУ-дың түлегі. Демек, жер-жердегі оқу орындарының шәкірттері екінші қолдан дәріс тыңдап жүр деген сөз. Әрине, кәзір бәрін шешетін қаражат болып бара жатқанда, атақты, ел таныған-білетін, өзінің мектебін жасап үлгерген ұстаз-ғалымдарды ара-тұра шақырып, білімі мен білігін алуды кеңінен қолданбай тұру - күнә.

Сонсын, қаптап кеткен мәлішке емес, мемлекет есебіндегі университеттерге айрықша пайдасы тиетін, кадрларды дайындауға ықпал жасайтын ғалымдарды өз құрамына тарту, тіпті қажет болса жерлестігін де ескеріп, көшіріп алып жағдайын жасаса, Алматыда, әзіресе, КазГУ-де шоғырланған, қатардағы оқытушы деңгейінде қызмет

атқарып жүргендер, жылы да абройлы орындарын қимағандары өз орбитасына тартудың амалын мықтап ойластырған абзал.

Иманғали Тасмағамбетов Атырауға сорпаның бетіне шыққан қайраткерлерді жинап, жағдай жасаған кезінде, әр саққа жүгірткендер көп болды. Кәзір олар игілікті еңбек етіп жатыр.

Сондықтан Қазақ даласының әр тұсынан аймақтық орталық бола алатын қалаларда ірі ұстаздар мен ғалымдардың жұмыс істеуіне мүмкіндік жасау шарт. Ол үшін көптеген әкімшілік шаралары керек емес, идеялас, пікірлес, тіпті, әрі-беріден ұялас жетекші ғалымдарды жекелеп те, топтап та көшіріп алудың жайын ойластырған жөн. Сонда Алматыда, әсіресе, КазГУ-де ақыл-кеңес алып, диссертация корғайтын едім деп шапқылай беретіндер тыйылады. Біртіндеп өздерінің ғылыми кеңесі мен мектептері ұйымдасады. Мысал үшін, Ресейдің ең алыс түкпіріндегі Томск қаласын еске түсіріңіздерші.

Елдің даңқы оның зиялыларына тікелей байланысты, тіпті, әрі-беріден соң экономиканың гүлденуі, шарықтауы ғылым-білімге тікелей тәуелді. Олай болса, қазақ сахарасының әрбір өлкесі гүлдену үшін оларға мықты әкім апарып қою емес, көбіне-көп істің көзін, жетілудің жүйесін білетіндерді жинау қажет. Қазақ университетінің білімі мен ғылыми байлығын ел мақсатына пайдаланудың жолын мықтап ойластырған абзал.

Қазақ университетінде 8 ғылыми-зерттеу институты бар, олардың бәрі де химия-техникалық бағытта. Ал қоғамдық гуманитарлық салада Фараби орталығы болғанымен, әлі қанатын кеңге жайып кете алмай жатыр. Және ректорат жанындағы орталықтан гөрі күшті факультеттердің қарамағында әзірге зертхана (лаборатория) ашып, өнімді ісіне қарай институтқа айналдырып жіберу жайын ойластырған дұрыс.

Әлемдегі игі тәжірибелерді сыртқы түріне қарап емес, мәніне қарап қабылдаған жөн. Мәселен, университеттік білімді бакалавр және магистр жүйесіне бөлу біздің жағдайымызда дұрыс емес деп білемін. Университетте төрт жыл оқып, жоғары білімнің дипломын алмай шыққандардың біразы тіпті, мектепке орналаса алмай жатыр дегенді естиміз. Ал, ғылыммен айналысқысы келгенде аспирантураның маңынан жүре алмайды. Ал, магистратураны бітіргеннен кейін докторантураға қабыл-

данады. Мәскеу университеті бұл «жаңалықтан» бас тартып, бұрынғыша оқытып жатыр. Шетелдің оқу жүйесі совет заманындағылардан тәуір болып көрмегенін, тек сәндік мода үшін өзгертіп, кейін зиянын мықтап тигізеді. Білім мен ғылымды жақындастырудың дүниежүзілік тәжірибесіндегі бір амал — ғылыми күштің шоғырлануына қарай факультет жанынан ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру. Өздерінің қалауымен бір ғылым саласын үнгіп зерттеп жүрген мамандарды факультеттің деканы оқу жоспарына сай бірнеше дәріс оқу, практикалық сабақ өткізуге еркін пайдалана алады. Оған қосымша ақша керек емес, қайда жатқызамын, қалай қарсы аламын деп басын ауыртпайды. Өз қарамағындағы мамандарды емін-еркін аудиторияға кіргізіп, оқу мен ғылымды бір-біріне жақындатқанда ғана керемет нәтиже кәреміз. Әсіресе, ғылымын басқа мекемеде, оқуын басқа жақта оқытудан ешбір пайда көрмей келе жатқанымыз көпшілікке мәлім. өркендеген елдерде біздегідей арнаулы ғылым академиясы жоқ, бар болса клубтар дәрежесінде. Өмірмен тікелей байланысы жоқ зерттеулердің өндірісте жүзеге асуы өте қиын, кейде тіпті, елеусіз қалады. Сондықтан Қазақ университеті жанындағы Фараби орталығы гуманитарлық білім институттарының ұйытқысы болып, Білім және ғылым министрлігімен тығыз байланысты болса, аяғымыздағы бірқыдыру тұсаулар алынады. Ал, университеттің бес жылдық тұтас курсы бітірген жас маман ғылым мен білімнің ең соңғы жаңалығын естіп, біліп, өмірге араласар еді.

Қазақ ұлттық университетінің білімнің қай саласынан болмасын білікті маманы бар, творчестволық потенциялы мол екені, аймақтық екені, аймақтық оқу орындарына ғылыми-методикалық көмек беруге толық мүмкіндігі бар екендігі айтпаса да түсінікті. Тойымыз ілгерінді ойлармен жарқырай түссе, ынталы жастар оны жүзеге қалтқысыз асырып жатса, қазақ елінің абройы бұдан да гөрі асқақтай берері сөзсіз. Рухани байлығымызды, ұлт зиялыларын тиімді пайдалана білейік.

Профессор Тұрсынбек Кәкішевтің мақаласы
ҚазҰУ-дың 70 жылдығы қарсаңында жазылған.
Мәтін профессор Ж. Дәдебаевтың қолында сақталған
нұсқада берілді.